

«Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының авторы Санжар Керімбаймен кездесу

5.12.2023ж. күні «Қазақстан» мәжіліс залында қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібековтің азаматтық тұлғасын танытуға арналған «Өзбекәлі және мәдени майдан» кітабының авторы Санжар Керімбаймен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ оқытушы-профессор құрамы, білім алушылар, Өзбекәлі Жәнібековтің қарындасы Серимова Айғаным Абанқызы, «Қылует» этномузейінің директоры, белгілі этнограф, қолөнер шебері, саз балшықтан бұйым жасаушы, «Аманат» сыйлығының иегері Кендебай Қарабалов, баспасөз-ақпарат қызметінің өкілдері қатысты. Кездесу барысында автор Өзбекәлі Жәнібеков орталығымен, орталықта сақталған Өзбекәлі Жәнібековтің кітаптарымен, жәдігерлермен танысты. Кездесуді Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма төрағасы-Ректоры Г.Д.Сугирбаева жүргізді. Кездесу барысында автор кітаптың қалай жазылғаны, Өзбекәлі Жәнібековпен бірге қызмет атқарған адамдармен кездескені туралы баяндады. Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының профессоры, ф.ғ.д., Қ.С.Ергөбек кітап туралы пікірін білдірсе, Өзбекәлі Жәнібековтің қарындасы Серимова Айғаным Абанқызы, «Қылует» этномузейінің директоры Кендебай Қарабалов естеліктерін айтты. Кездесу оқырмандардың автордан қолтаңба алуымен аяқталды.



